



**«Есірткінің заңсыз айналымы саласындағы жауапкершілікті күшейту мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі мен Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне өзгертулер және толықтырулар енгізу туралы»
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢЫНЫҢ ЖОБАСЫНА ЕСКЕРТУЛЕР**

КІРІСПЕ

«Есірткінің заңсыз айналымы саласындағы жауапкершілікті күшейту мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі мен Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне өзгертулер және толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы¹ (әрі қарай – **Заң жобасы**) Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің 2006 ж. 20 қыркүйектегі отырысының хаттамасын орындау мақсатында дайындалған.

Заң жобасын дайындау негіздері ретінде «заңсыз айналымнан алынған наша мөлшерінің өсу тұрақты тенденциясы», сонымен қатар, «бірқатар елдерде есірткіге қарсы заң құжаттарының қатаңдатылуы нашаға қатысты жағдайды белгілі деңгейде жақсартты» деп көрсетілген. Мысал ретінде Сингапур, Пәкстан, Қытай, Иран, Таиланд елдерінің заң құжаттары келтіріледі. Онда есірткінің заңсыз айналымына қатысты белгілі қылмыстарды жасағаны үшін өмір бойы бас бостандығынан айыру немесе мүлігін тәркілеумен бірге өлім жазасы тағайындалады².

Осыған қарай, ҚР Үкіметі есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті күшейтетін қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заң құжаттарына бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынады.

Мысалы, өзгерістер мен толықтырулар ұзақ мерзімге бас бостандығынан айыру мерзімдерінің шегін және өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалуы мүмкін қылмыс түрлерін белгілейтін Қылмыстық кодексінің (әрі қарай ҚК) Жалпы бөлімдегі 48-б.; есірткінің заңсыз айналымына байланысты жекелеген қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікті көздейтін ҚР ҚК-ң Арнайы бөлімінің 132, 250, 259, 260, 261, 263 және 266-баптары, Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексінің (әрі қарай ӘҚК) 319 бен 320-баптарына енгізілді.

Есірткінің заңсыз айналымымен күресу және құқық бұзушыларға қарау саласындағы қылмыстық саясаттың жалпы бағыттарын, осы саладағы халықаралық тәжірибені, Қазақстан

¹ ҚР Парламентінің Мәжілісіне жіберілген «Есірткінің заңсыз айналымы саласындағы жауапкершілікті күшейту мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі мен Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне өзгертулер және толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қараңыз (ҚР Үкіметінің 2007 ж. 17 мамырдағы №23/6517 хаты).

² ҚР Парламентінің Мәжілісіне жіберілген «Есірткінің заңсыз айналымы саласындағы жауапкершілікті күшейту мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі мен Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне өзгертулер және толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына Анықтама жазбаны қараңыз (ҚР Үкіметінің 2007 ж. 17 мамырдағы №23/6517 хаты).

Республикасының халықаралық міндеттерін, сонымен қатар, қазақстандық қылмыстық заң құжаттарын құру және дамыту логикасы мен заң техникасы ережелерін ескерту керектігіне байланысты мәні жағынан да, редакциялық жақтан да заң жобасы бірқатар ескертулер туғызды.

1. ЕСІРТКІНІҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫМЕН КҮРЕСУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛАРҒА ҚАРАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТЫ БАҒЫТТАРЫН ШОЛУ

1.1. Есірткінің заңсыз айналымымен күресудің мақсаты

«Наркологиялық көмек көрсету, АҚТК/ЖҚТБ-ң алдын алу, есірткінің заңсыз айналымына қарсы әрекеттену салаларындағы құқықтық реттеу: халықаралық тәжірибе»³ зерттеуінде дұрыс айтылғандай (оның жекелеген үзінділері Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжіліс Аппаратының ақпарат сараптама бөлімі дайындаған материалдарда келтіріледі), есірткінің заңсыз айналымымен күресу мақсаты ең алдымен, қоғамдық денсаулықты нашақорлықтың қауіпті салдарынан қорғау болып табылады. Дәл осы себеппен кез келген мемлекетте есірткінің заңсыз айналымына қарсы тұру қылмыстық құқықтық стратегиясы қылмыстық юстиция саласында да, наркологиялық көмек көрсету мен АҚТК/ЖҚТБ алдын алудың құқықтық жағдайын реттеу саласында да мәселелерді шешумен тығыз байланыста.

1.2. Заң құжаттары

Бұл жағынан Қазақстан Республикасының заң құжаттары жақсы дамыған. Қазақстан республикасы қосылған⁴ халықаралық конвенциялар, ҚР Қылмыстық кодексі мен Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінен басқа, есірткі айналымына, наркологиялық көмек пен АҚТК/ЖҚТБ қатысты бірқатар нормативтік құқықтық актілер және Қазақстан Республикасының тиісті екі жақты халықаралық келісімдер бар⁵. Осы нормативтік құқықтық

³ «Наркологиялық көмек көрсету, АҚТК/ЖҚТБ-ң алдын алу, есірткінің заңсыз айналымына қарсы әрекеттену саласындағы құқықтық реттеу: халықаралық тәжірибе», Мәскеу, 2002 қараңыз. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжіліс Аппараты дайындаған (Астана, 2007 ж. қараша айы) «Есірткіге қатысты қылмыстарды жасағаны үшін өмір бойы бас бостандығынан айыруды тағайындаудың халықаралық тәжірибесі» ақпараттық мәлімет материалдарында осы зерттеуден алынған үзінділерді қараңыз.

⁴ Қазақстан Республикасы 1972 ж. Хаттамасымен енгізілген өзгерістерімен бірге «Есірткі заттары туралы» Жалпы конвенцияға (1998 ж. 1 шілде), «Психотропты заттар туралы» 1971 ж. Конвенциясына (1998 ж. 29 маусым) және «Есірткі заттары мен психотропты заттардың заңсыз айналымымен күресу туралы» 1998 ж. Конвенциясына (1998 ж. 29 маусым) қосылды.

⁵ Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 279-1 Заңы; «ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 1994 ж. 5 қазандағы № 176-XIII Заңы; «Нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту туралы» 2002 ж. 27 мамырдағы N 325-II Қазақстан Республикасының Заңы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 қарашадағы № 1693 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру ережесі»; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 7 сәуірдегі № 173 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсаттарда қолдану ережесі»; Есірткі, психотроптық, және улы заттарды заңсыз айналымға түсіру жөніндегі істер бойынша заңдарды қолдану туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1998 жылғы 14 мамырдағы N 3 нормативтік қаулысы (өзгерістер мен толықтыруларымен) және басқалары. Қазақстан Республикасы 2000 ж. 30 қарашадағы ТМД-на мүше елдерінің есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымымен күресу жөніндегі ынтымақтастық туралы Келісімге және 2004 ж. 17 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы наша құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымымен күресу жөніндегі ынтымақтастық туралы Келісімге қол қойды.

актілердің бәрі есірткінің заңсыз айналымын құқықтық реттеу мен онымен күресуге жеткілікті құрал жиынтығы болып табылады.

Осындай күрес нәтижесіз болғанда есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікті күшейтумен ғана шектелмей, барлық тенденциялар мен халықаралық тәжірибені жан-жағынан сараптау керек.

1.3. Халықаралық тәжірибе

«Наркологиялық көмек көрсету, АҚТК/ЖҚТБ-ң алдын алу, есірткінің заңсыз айналымына қарсы әрекеттену: халықаралық тәжірибе» зерттеуінде⁶ өз шолуымызда келтіруіміз керек деп шешкен бірқатар ережелер мен тұжырымдар бар.

Қазіргі шетелдік қылмыстық заң құжаттарының сараптамасы бүгінгі күнде әлемнің барлық елдерінде делік есірткі айналымына байланысты мәселелерді белгілі дәрежеде реттейтін құқық нормаларының жиынтығы бар екені туралы тұжырымға келтіреді. Сонымен қатар, шетелдік қылмыстық заң құжаттарының нормалары көлемі жағынан да, санкциялар қатандығы жағынан да елеулі ерекшеленеді. Десек те, барлық елдердің заң құжаттарына тән ортақ ережелерді атап көрсетуге болады.

Мемлекеттің есірткі құралдары айналымын бақылау міндеті 1972 ж. Хаттамасымен енгізілген өзгерістерімен бірге 1998 ж. «Есірткі заттары туралы» Жалпы конвенцияда, «Жүйкеге әсер ететін заттар туралы» 1971 ж. Конвенциясында және «Есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымымен күресу туралы» 1998 ж. Конвенциясында бекітілген.

Осы конвенцияларға мүше мемлекеттер 1) есірткі құралдарын өндіру, өңдеу және жасап шығару; 2) есірткі құралдарын әр түрде ұрлау және оларды қорқытып алу; 3) есірткі құралдарының контрабандасы; 4) есірткі құралдарын алу, сатып алу, дайындау; 5) есірткі құралдарын сақтау; 6) есірткі құралдарын сату; 7) есірткі құралдарын тасымалдау (апару немесе жіберу); 8) есірткі құралдарын пайдалану; 9) есірткіні пайдалануға тарту және оны насихаттау, жарнама жасау; 10) есірткі құралдарын пайдалану үшін притондарды ұстау; 11) есірткі құралдарын заңды айналым саласында (дәріхана, ауруханаларда т.б.) заңсыз алу үшін әртүрлі жалған құжаттар жасау және басқа да алаяқтық әрекеттер; 12) заңды айналымда есірткімен жұмыс істеуге рұқсат етілген қызметкерлер тарапынан мамандық ережелерді бұзу; 13) есірткі өсімдіктерін өсіру үшін ұлттық заң құжаттарында жауапкершілік бекітуге міндеттенді.

Мемлекеттердің басым көпшілігінде жоғарыда айтылған құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауапкершілік заңдық жауапкершіліктің басқа түрлерінен әлдеқайда көп екендігін атап айту керек. Бірақ, әр елдерде жүргізілетін мемлекеттік саясаттың өз ерекшеліктері бар. Оған нақты елдегі есірткі жағдайы ықпал етеді. Бұл ерекшелік ұлттық заң құжаттарына, мемлекеттік органдар саясатына, есірткінің заңсыз айналымына және оны кері пайдалануға қарсы әрекеттену жөніндегі арнайы бағдарламалардың мазмұнына әсер етеді.

Осыдан басқа, ұйымдасқан қылмыскерлікпен және басқа да қылмыс түрлерімен, оның ішінде есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорлар заңсыз айналымымен күресудегі ынтымақтастық туралы тиісті екі жақты келісімдер немесе меморандумдарға Қырғызстанмен (1993 және 1997 ж.), Ресеймен (1994 ж.), Германиямен (1995 ж.), Чехиямен (1998 ж.), Иранмен (1999 ж.), Армениямен (1999 ж.), Венгриямен (1999 ж.), Тәжікстанмен (2000 ж.), Литвамен (2000 ж.), Польшамен (2002 ж.), АҚШ (2002 ж.), Болгариямен (2003 ж.), Румыниямен (2003 ж.), Әзірбайжанмен (2005 ж.), Хорватиямен (2007 ж.), Мысырмен (2007 ж.) қол қойылды.

⁶ «Наркологиялық көмек көрсету, АҚТК/ЖҚТБ-ң алдын алу, есірткінің заңсыз айналымына қарсы әрекеттену саласындағы құқықтық реттеу: халықаралық тәжірибе», Мәскеу, 2002 қараңыз. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжіліс Аппараты дайындаған (Астана, 2007 ж.) «Есірткіге қатысты қылмыстарды жасағаны үшін өмір бойы бас бостандығынан айыруды тағайындаудың халықаралық тәжірибесі» ақпараттық мәлімет материалдарында осы зерттеуден алынған үзінділерді қараңыз.

Мысалы, көптеген Еуропа мемлекеттерінің қылмыстық заң құжаттары есірткі құралдарының контрабандасы мен заңсыз сатқаны үшін жеткілікті қатаң жауапкершілікті көздейді. Сонымен қатар, жаза қатаңдығын заң беруші әдеттегідей, есірткі құралдарының сатылған көлемінен және нақты наша құралының бақылаудағы заттар тізіміне енгізіліп, оны бақылау тәртібіне бағындырады. Ал, есірткіні дәрігерлік емес мақсатта пайдалану, оны сату мақсатынсыз сақтау жиі жағдайда қылмыстық заңмен жазаланбайды немесе ең төмен жазаға әкеліп соғады. Осыған қарамастан, келтірілген қылмыстық әрекеттер үшін осындай жазалау шаралары жеткілікті қатаң, өйткені, бұл қылмыстардың қоғамды қаупі өте жоғары.

Келтірілген әрекеттердің ішінен есірткі пайдаланғаны үшін көптеген елдерде еш қылмыстық жаза көзделмеген. Оның себебі елдердің халықаралық құқықтық міндеттемелері есірткіні дәрігерлік мақсатта пайдалану қылмыстандыруға жатқызылмайтында.

Көптеген елдерде есірткіні дәрігерлік емес мақсатта пайдалану мәселесін шешудің негізгі жолы осындай пайдалануға заң жүзінде тыйым салумен бірге нашақор адамдарды міндетті түрде емдеу және қоғамдық реабилитациялау болып табылады. Осымен бірге, бірақ, төмендеу дәрежеде жазалау жолы, яғни, есірткіні дәрігерлік емес мақсатта пайдалану үшін санкциялар белгілеу, оның ішінде қылмыстық (бас бостандығынан айыруға дейін) олданылады.

Есірткі құралдарының заңсыз айналымы саласындағы қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікті реттейтін әртүрлі елдердегі заңдарының кей кезде бір-бірінен қылмыстық құқықтық тыйымдар көлемі жағынан да, санкциялар қатаңдығы жағынан да айырмашылықтары көп. Есірткі құралдарының заңсыз айналымымен қылмыстық құқықтық күресуге бағытталған заңдардың қатаңдығын ескеріп, барлық елдерді шартты түрде төрт топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа заң құжаттары ең «жұмсақ» мемлекеттер жатады. Осы топтың көрнекті өкілдері Нидерландтар, Германия, Италия, Швейцария и Испания. Нидерландтарда «жұмсақ» есірткіні (мысалы, арнайы жерлерде – «кофе-шоптарда» сора (каннабис) өнімдерін) сату және пайдалануға рұқсат етілген. Германия, Италия мен Швейцарияда дәрігердің тағайындауынсыз есірткі пайдалануға заң жүзінде тыйым салынбаған.

Екінші топқа заң құжаттары теңестіріліп, жіктелген елдер жатады. Ондай мемлекеттер аз. Олардың ішінде, мысалы, Швеция, Австрия, Франция, Бельгия, Люксембург. Осы елдердің көбісі бүгінгі есірткіге қарсы заң құжаттарын есірткінің заңсыз айналымына және пайдалануына либералды немесе керісінше, қатаң көзқарас арқылы құрды.

Үшінші топқа заң құжаттары ең қатаң болып табылатын елдер жатады. Онда есірткі құралдарының заңсыз айналымына байланысты қылмыстар үшін дене жазалауы мен өлім жазасына дейін баратын жеткілікті қатал жауапкершілік бекітілген (Қытай, Иран, Пәкстан, Сауд Аравиясы, БАӘ, Таиланд, Малайзия, Сингапур, Нигерия). Мысалы, Иранда 1989 ж. заңға сәйкес, жыл сайын есірткі сатқаны үшін сотталған бірнеше жүз тұлғаларды халық алдында жазалауы өтеді. Сингапурдың заң құжаттары бойынша, адамда 15 г героин, 30 г морфий немесе 500 г астам марихуана табылса, өлім жазасы көзделген.

Төртінші топты есірткі құралдарының заңсыз айналымы үшін жауапкершілігін бекітетін қылмыстық заң құжаттары жаңа қалыптасып келе жатқан елдер (ең алдымен, Африка және Латын Америка елдері) құрайды. Мысалы, осындай елдердің заң құжаттарында тиісті халықаралық құқықтық актілер қылмыстық ретке сәйкес жазаланатын жекелеген әрекеттер үшін жауапкершілік белгіленбеген, ал, бір қылмыс үшін асыра қатаң жауапкершілік басқаларға тым жұмсақ қараумен қатар тұрады.

Бірқатар заңдық мәні бар ерекшеліктер (мысалы, белгілі қылмыстандырылған әрекеттер немесе квалификациялық мән-жайлар топтамасы, жаза мөлшері мен түрлері, есірткінің заңсыз айналымы саласында ең ауыр қылмыс жасағаны үшін өлім жазасы не өмір бойы бас

бостандығынан айыруы бары-жоғы т.б.) көптеген елдердің есірткіге қарсы қылмыстық заң құжаттарын **батыс және шығыс түріне** бөлуге мүмкіндік береді.

Нидерландтар мен Швейцариядан басқа, Еуропа мемлекеттерінің ұлттық заң құжаттары мен құқық қолдану тәжірибелері қылмыстық ретке сәйкес жазаланатын әрекеттер топтамасы жағынан да, оларды жазалауын жіктеу жағынан да есірткі құралдары туралы халықаралық конвенциялардың талабына сәйкес келеді.

Осы елдердің заң құжаттарындағы қылмыстық кодекстері не басқа заңдары тиісті баптарының мазмұнды құралған диспозициялары, елеулі түрде жіктелген санкциялар, шартты түрде соттау мүмкіндіктері т.б. бар.

Ал, мемлекеттік құрылымы, билік түрі, экономикалық және мәдени даму деңгейі, географиялық орналасуы мен аумақ кеңдігі, әлемдегі саяси деңгейі мен басым діні жағынан көп айырмашылықтары бар **Шығыс мемлекеттерінде** (мысалы, Қытай, Иран, Сауд Аравиясы, БАӘ, Малайзия, Сингапур) есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілігі туралы аса қатаң, репрессиялық заң құжаттары орнатылған. Осы елдердің заң құжаттарына айтылмыш қылмыс түрлерінің жалпы құрастырылған құрамдар, жауапкершілікті жіктеп, жазаны жекелендіру, белсенді өкіну (кінәні мойнына алу мәмілесі) шектелген мүмкіндіктері бекітілген. Санкция ретінде өлім жазасы (оның ішінде айуандық түрде), дене жазасы және ұзақ мерзімге бас бостандықтан айыру көзделеді. Қылмыстық жауапкершілікке осындай көзқарас халықаралық конвенциялар талаптарынан асыра қатаң болып табылады және адам құқықтары стандарттарына сәйкес келуі туралы сауал туғызады.

Жалпы, есірткі құралдарының заңсыз айналымы саласындағы әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершілікті реттейтін шетелдік заң құжаттарының салыстырмалы сараптамасы⁷, келесі тұжырым жасауға мүмкіндік береді:

Біріншіден, соңғы онжылдықтар ішінде қаралатын заң құжаттары есірткінің заңсыз айналымымен күресу үшін жеткілікті қатаң қылмыстық құқықтық шараларды бекітіп, қолдану бағытын сақтап келген.

Екіншіден, аталмыш бағыттың, оның ішінде қылмыстық жазалауды біртіндеп әрі қарай қатаңдатудың сақталуы аның көрінеді. Бірінші кезекте ол есірткі құралдарының заңсыз айналымы және қылмыскерліктің ұйымдасқан түрлері саласындағы ең ауыр қылмыстарға қатысты. Әртүрлі елдерде ең қатаң қылмыстық құқықтық санкциялар әдеттегідей, есірткіні өндіру, оған іс жүзінде ірі мөлшерде ие болу және әсіресе, сатқаны үшін көзделген. Бұл қылмыстар есірткі құралдарына қатысты басқа қылмыстық әрекеттерге қарағанда, ауырлау болып қаралады.

Үшіншіден, шетелдік заң шығарушылардың пікірі қылмыстық жауапкершілікті жіктеу керектігіне негізделеді. Оған көбінесе, есірткінің заңсыз айналымы саласындағы қылмыстардың арнайы құрамдары тізімін кеңейту арқылы қол жеткізуге болады.

Төртіншіден, репрессиялық, ең алдымен, қылмыстық құқықтық шараларды қолдану көптеген елдердің құқық қолдану тәжірибесінде ұзақ уақыт бойы есірткіні заңсыз таратумен күресу саласындағы басым стратегия болып келе жатқанына қарамастан, шетелдік заң шығарушылар қылмыстық репрессияны үнемдеу ұстамын жеткілікті кең пайдаланады. Осы ұстамды енгізу белгісі белсенді өкіну, кінәні мойнына алу мәмілесі, шартты соттау (пробация) мен шартты түрде мерзімнен бұрын босату сияқты қылмыстық құқықтық институттарды пайдалану, сонымен қатар, тағайындалған жазаны іс жүзінде қолданбау немесе осындай жазаның баламасы болу шарты ретінде міндетті түрде нашақорлықтан емделуді тағайындау болып табылады. Есірткі құралдарының заңсыз айналымы саласындағы қылмыстарға жауап

⁷ «Наркологиялық көмек көрсету, АҚТК/ЖҚТБ-ң алдын алу, есірткінің заңсыз айналымына қарсы әрекеттену саласындағы құқықтық реттеу: халықаралық тәжірибе», Мәскеу, 2002 қараңыз.

берудің нәтижелілеу түрлерін іздеу қылмыстық юстиция жүйесі шеңберінде қолданылатын дәстүрлі әдістердің төмен нәтижелілігіне байланысты.⁸

Мысалы, 2004 ж. қабылданып, есірткінің заңсыз трафигіне қатысты қылмыстық әрекеттер мен жазалаудың елеулі элементтеріне қатысты ең төмен талаптарды белгілейтін Еуропа Одағынаң Шектеуіш шешімінде⁹ былай деп айтылған:

- мемлекеттер көздейтін жазалар нәтижелі болып, сәйкестендірілген және көз жеткізерлік болуы тиіс, оның ішінде бас бостандығынан айыру жазасы енгізілуі тиіс. Жазалау мөлшерін белгілегенде, трафик нысаны болып табылатын есірткінің түрі мен мөлшері сияқты фактілік элементтер, сонымен қатар, осындай қылмыс ұйымдасқан қылмыскерлік шеңберінде жасалғаны ескерілуі тиіс;
- мемлекеттер құқық бұзушы құзырлы органдарға құнды ақпарат берген жағдайда жазаны қысқарту ережесін өз заң құжаттарына енгізу мүмкіндігіне ие болуы тиіс;
- осы Шектеуіш шешімде айтылған қылмыстарды жасау барысында алынған табысты тәркілеу мүмкіндігіне ие болу үшін шара қолдану керек;
- осы Шектеуіш шешімде айтылған қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны және өз пайдасына істелген қылмыстар үшін заңды тұлғалардың жауапкершілігін енгізуге шара қолдану керек.

Осы құжаттың жазалау түрлеріне қатысты 4-б. ауырлығы аздау қылмыстар қылмыстық ретке сәйкес ең азы бірден үш жылға дейін бас бостандығынан айырумен, ал, ауыр қылмыстар 5-тен 10 жылға дейін бас бостандығынан айырумен мынадай мән-жайлар бар болған жағдайда жазалануы тиіс деп айтылған:

- егер қылмыс көп мөлшердегі есірткіге байланысты болса;
- егер қылмыс денсаулыққа ең ауыр зиян әкелетін немесе бірнеше тұлғалардың денсаулығына елеулі зиян әкелген есірткіге қатысты болса.

Қылмыс ұйымдасқан қылмыстық топ құрамында жасалған болса, жаза оы жыл не оан аса бас бостандығынан айыру болуы тиіс.

Одан басқа, әр мемлекет заңды тұлғаларды өз пайдасына кез келген жеке тұлға әлде осы заңды тұлғаның қызметкері жасаған кез келген қылмыс жасағаны үшін жауапкершілікке тарту үшін керекті шара қолдану керек.

Мемлекеттер жауапты болып табылған заңды тұлғаны нәтижелі, сәйкестендірілген және көз жетерлік санкция арқылы жазалауға керекті шара қолдануы тиіс. Санкцияларға қылмыстық және қылмыстық емес айыппұлдар және басқа да санкциялар енгізуі мүмкін, оның ішінде:

- салыққа және басқа да төлемдерге жеңілдік, мемлекеттік көмек берілетін ұйымдар тізімінен алып тастау;
- коммерциялық қызмет істеуге уақытша не тұрақты тыйым салу;
- сот бақылауын тағайындау;
- жою туралы сот бұйрығын шығару;
- қылмыс жасағанға пайдаланған ұйымдарды уақытша не тұрақты жабу.

Осыған қарамастан, Шектеуіш шешімнің 5-б. сәйкес, құқық бұзушы есірткі және прекурсорлар трафигі бойынша қылмыстық әрекеттен бас тартып, әкімшілік не сот органдарына басқа жолмен алынбайтын және жасалған қылмыстың салшдарын жойып әлде азайтуға көмектесетін ақпарат берген жағдайда әр мемлекет 4-б. көрсетілген жазаны төмендетуге,

⁸ «Наркологиялық көмек көрсету, АҚТК/ЖҚТБ-ң алдын алу, есірткінің заңсыз айналымына қарсы әрекеттену саласындағы құқықтық реттеу: халықаралық тәжірибе», Мәскеу, 2002 қараңыз.

⁹ Нашаның заңсыз трафигіне қатысты қылмыстық әрекеттер мен жазалаудың елеулі элементтеріне қатысты ең төмен талаптарды белгілейтін Еуропа Одағы Кеңесінің 2004 ж. 25 қазандағы №2004/757/JHA Шектеуіш шешімін қараңыз. Еуропа Одағының ресми журналы, L335/8-11, EN, 11.11.2004 (орыс тіліне бейресми аудармасы)

басқа құқық бұзушыларды табуға немесе жауапкершілікке тартуға көмектесуге, дәлел тауып, жаңа қылмыстың алдын алуға керекті шара қолдануы мүмкін.

Бір жағынан, есірткіге қарсы қылмыстық заң құжаттарының даму дүниежүзілік тенденциясы қылмыстық ретке сәйкес жазаланатын әрекеттер тізімін кеңейту жағынан, оның ішінде анықтаушы квалификациялық белгілер арқылы да, санкцияларды күшейту жағынан да біртіндеп қатаңдату болып табылады. Басқа жағынан, есірткінің заңсыз айналымына қарсы тұру саласында белсенді өкіну, кінәні мойнына алу мәмілесі, шартты соттау (пробация) мен шартты түрде мерзімнен бұрын босату сияқты қылмыстық құқықтық институттарды пайдалану, сонымен қатар, тағайындалған жазаны іс жүзінде қолданбау немесе осындай жазаның баламасы болу шарты ретінде міндетті түрде нашакорлықтан емделуді тағайындау күшейіп келе жатқан тенденция болып табылады. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасына осы саладағы қылмыстық заң құжаттары қандай бағытта дамуы, яғни, керек болса, оның қатаңдатылуы оның жіктелуімен қалай сәйкес келетінің белгілеуі тиіс.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, есірткі қылмыскерлікпен нәтижелі күресу жан-жақты кіріскенде қамтамасыз етілуі мүмкін. Осыған байланысты, біздің ойымызша, еуропалық елдердің көбісінде қабылданған жазалау мөлшеріне сәйкес келетін қазіргі қылмыстық заң құжаттарындағы санкцияларды қатаңдату алдында Қазақстан Республикасы Құқықтық саясат концепциясында¹⁰ бекітілген «қылмыстық репрессияны үнемдеу» ұстамын ескеріп, есірткі қылмыскерлігімен күресудің басқа жолдарын да қарастыру керек.

1.4. Халықаралық тәжірибеден алынған тұжырымдар

Заң жобасының жағымды жағы оқу орнында, түзету мекемесінде, қызмет бабын пайдаланып, есірткі сату сияқты жаңа квалификациялық белгілерді бекіту болып табылады. Осы өзгерістер халықаралық талаптарға сәйкес келеді.

Сонымен бірге, есірткінің заңсыз айналымы саласындағы қылмыстарға қарсы әрекеттенудің қылмыстық іс жүргізу потенциалын да қарастыру керек. Біріншіден, ұлттық сот жүргізуіне кінәні мойнына алу мәмілесі институтын енгізу мүмкіндігін зерттеу керек.

Екіншіден, қылмыстық процеске қатысатын куәлар мен басқа да тұлғаларды қорғау саласындағы заң құжаттарын жетілдіру керек. Мәміле мен куәларды қорғау бір-біріне байланысты екі институт болып табылады. Көптеген елдің тәжірибесі көрсеткендей, олар есірткі қылмыскерлігімен күресуде елеулі жеңіске жетуге мүмкіндік береді.

Үшіншіден, есірткінің заңсыз трафигі саласында алынған қылмыстық табысты тазартумен күресудегі құқық қорғау органдарының мүмкіндіктерін кеңейту керек.

Қазіргі уақытта Парламенттің қарауында заңсыз жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (тазартуға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы тұру саласындағы заң жобаларының топтамасы жатыр. Осыған байланысты, осы жобаның бірқатар баптарын есірткінің заңсыз айналымы саласында жауапкершілікті күшейту мәселелері бойынша заң жобасымен келістіру керек¹¹.

¹⁰ Қазақстан Республикасы Құқықтық саясат концепциясын қараңыз. 2002 ж. 20 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Президентінің № 949 Үкімімен мақұлданған.

¹¹ Заң жобасы мүлкіті тәркілеу институтын кеңдеу қолдануды көздейді, «өйткені бас бостандығынан айыру санкциясын қолданумен қатар мүлік тәркілеудің үлкен алдын алу маңызы бар». Ол, мысалы, 250-б. 1-мен 4-т., 259-б. 2-і және 4-т-т., 260-б. 2 және 4-т-т. (Жоба), 261-б. 4-т. (Жоба), 263-б. 4-т. қатысты. Бірақ, халықаралық стандарттарға сәйкес, оның ішінде Еуропа Одағы Кеңесінің №2004/757/JHA Шектеуіш шешіміне сәйкес, ҚР Заң жобасындағы тәркілеу ұғымы анықталуы тиіс. Мысалы, бұл шешім тәркілеу құрбандар мен басқа да *bona fide* үшінші жақтың құқықтарына зиян келтірмей, қылмыс объектісі болып табылатын заттар, есірткі қылмыстарын жасауда қолданылған құралдар немесе ол үшін оны пайдалану ниеті болғанда, осындай қылмыстардың нәтижесінде

Төртіншіден, есірткінің заңсыз айналымы саласындағы қылмыстық әрекеттері үшін заңды тұлғалардың қылмыстық жауапкершілігін енгізу керек. Осыны есірткі қылмыскерлікпен күресу саласындағы халықаралық стандарттар көздейді.

Ұсынылған қадамдарды қабылдағаннан кейін белгілі уақыт өткенде, есірткі бизнесімен күрестің нәтижелігін бағалап, қылмыстық жауапкершілікті (керек болса, өмір бойы бас бостандығынан айыруға дейін) күшейту керектігі туралы мәселені қарау керек.

Заң жобасы бойынша «Ғылыми, құқықтық және криминалистикалық тұжырымдамада» «бүгінгі күнде Қазақстан Республикасындағы қылмыскерлікпен күресу негізгі бағыттарының бірі есірткінің заңсыз айналымы мен оның салдары – нашақорлықтың халық арасында кең таралуымен жан-жақты күресті ұйымдастыру жөніндегі қиын мәселені шешу болып табылады»¹² деп айтылған. Және де, «криминолог ғалымдардың пікірінше, қатаң жазадан қатал қылмыс туады, ал, жаза қатаңдығының нәтижесі аз уақытқа созылады»¹³. Бұл тұжырыммен келіспеуге болмайды. Репрессиялық санкциялардың күшеюі жиі жағдайда жазалау әсерінің «инфляциясына» әкеліп соғады. Мысалы, дәл осындай жағдай АҚШ-та қалыптасқан. Онда қылмыстық санкциялар күшеюімен бірге түрме халқының саны асыра өсуі байқалады.

Қайсыбір қылмыстар үшін өмір бойы бас бостандығынан айырудың енгізілуі басқа қылмыстық санкцияларға сәйкес келуі тиіс. Сондықтан, Заң жобасын осы жағынан да сараптау керек. Бірақ, осындай сараптама бүгін әлі жоқ.

Өмір бойы бас бостандығынан айыру шектен шығатын, асыра шара. Оны ұлттық заң құжаттарына енгізу алдында алдын ала кең де мамандар арасында талқылау керек. Осындай шешім жан-жақты зерттеу негізінде жасалған нақты, ғылыми дәлелденіп, тұжырымдалуы тиіс. Біздің білуімізше, осындай жұмыс Қазақстан Республикасында әлі жасалған жоқ. Сонымен қатар, егер заң шығарушы өмір бойы бас бостандығынан айыруды енгізу керек деп шешсе, ол нәтижесіз болған жағдайда оны жою қиынға соғатынын ескеру керек, өйткені, қоғамдық көзқарас есірткі қылмыскерлігімен күресуді азайтуға қарсы (қолданған шара нәтижесіз болса да) болатынын ескеру керек.

2. ЗАҢ ЖОБАСЫНА АНЫҚТАМА ХАТТЫҢ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ЕСКЕРТУЛЕР

Заң жобасына Анықтама хатында¹⁴ «халықаралық тәжірибені зерттеуі бірқатар елдерде есірткіге қарсы заң құжаттарының қатаңдатылуы наша жағдайын белгілі деңгейде жақсаруына септігін тигізді. Мысалы, Сингапур, Пәкстан, Қытай, Иран мен Таиландтың заң құжаттары кей бір есірткіге қатысты қылмыстарды жасағаны үшін өмір бойы бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасына кесіп, мүлкін тәркілеуге дейін жеткілікті қатаң жазаны көздейді».

Бірақ, Анықтама хатта осы елдердегі есірткі жағдайы жақсарғанын дәлелдейтін еш статистикалық мәлімет келтірілмейді. Мысалы, қатаңдатуға дейін есірткі жағдайы мен қылмыс үшін санкциялар қандай болғаны, заң құжаттары өзгергеннен кейін қандай өзгеріс

алынған табыс тәркіленуі тиіс немесе осындай табыстарға, заттар мен құралдардың құнына сай мөлшерде мүлік тәркіленуі тиіс (Шектеуіш шешімнің 4-б.).

¹² «Есірткі ның заңсыз айналымы саласында жауапкершілікті күшейту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіне және Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне өзгертулер және толықтырулар енгізу туралы» заң жобасына 2006 ж. 15 қарашадағы Ғылыми құқықтық және криминологиялық сараптамасының тұжырымдамасын қараңыз.

¹³ Сонда қараңыз.

¹⁴ Парламент Мәжілісіне жіберілген (2007 ж. 17 мамырдағы №23/6517 ҚР Үкімет хаты) «Есірткінің заңсыз айналымы саласында жауапкершілікті күшейту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі мен Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасына Анықтама хатын қараңыз.

болды; есірткінің заңсыз айналымымен күресу үшін қандай қылмыстық құқықтық емес шаралар қолданып, олар қаншалықты нәтижелі болды. Сонымен бірге, онда жазалауды қатаңдатпай, есірткі қылмыскерлігімен нәтижелі күресіп жүрген халықаралық стандарттарға немесе елдердің тәжірибесіне сілтеме жоқ.

Анықтама хатында Қазақстан Республикасында есірткі қылмыскерлігімен күресудегі негізгі мәселелердің нақты мазмұндамасы берілмейді, әсіресе, санкцияларына өмір бойы бас бостандығынан айыруды енгізу жоспарланған баптар бойынша тергеу және сот тәжірибесі келтірілген жоқ. Мысалы, есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыс жасағаны үшін сотталғандардың қандай пайызын есірткі құралдары трафигімен және сатумен айналысқан ұйымдасқан қылмыскерлік топтардың басшылары мен мүшелері құрағаны, сондай-ақ осы саладағы рецидивті қылмыстар бойынша статистикасы жоқ.

Соңғы жылдары заңсыз айналымнан алынған есірткі мөлшері көбеюдың тұрақты тенденциясы белгілене бастады. 2006 жылы ғана құқық қорғау органдары 25 тоннадан астам есірткі құралдарын алды» - деп айтылады Заң жобасына Анықтама хатында.

Алынған есірткі құралдары мөлшерінің өсуі туралы ақпарат есірткі бизнесін нақты ұйымдастырушыларын жауапқа тарту туралы еш мәлімет бермейді.

Анықтама хатында ұсынылатын өзгерістердің нақты негізделуі келтірілмейді. Өмір бойы бас бостандығынан айыру құрамдарының тізімі осы шаралар ең алдымен, ұйымдасқан есірткі қылмыскерлігімен күресуге бағытталғанын көрсетеді. Бірақ, Заң жобасына қосымша жіберілген құжаттардан осы шаралар қаншалықты «нәтижелі, сәйкестендірілген және көзжетерлік»¹⁵ екені анық көрінбейді.

Ұйымдасқан қылмыскерлікпен күресу керек. Бірақ, Заң жобасында өмір бойы бас бостандығынан айырудың репрессиялық, қорқынышты әсері осындай күрестің нәтижелігіне қалай ықпал етпек екені белгісіз. Есірткі бизнесімен күресуде нақты нәтиженің жоқтығын есірткінің заңсыз айналымы саласындағы қайсыбір қылмыстар үшін санкцияларды өсірумен ғана бүркеп, ұғымдарды алмастыруы мүмкін.

Біздің ойымызша, жаза мөлшерін елеулі өзгерпес бұрын есірткі қылмыскерлігін жан-жақты сараптау керек. Мүмкін, осы санкциялар «нәтижелі, сәйкестендірілген және көз жетерлік» болуы үшін сол қылмыстар бойынша 15-20 жылға бас бостандығынан айыру жеткілікті шығар.

Жоғарыда айтылғанға байланысты, есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстық жауапкершілікті күшейту есірткі қылмыскерлігімен күресудің нәтижелі құралы деген тұжырым бізше, жеткілікті негізделмеген.

3. ЕСІРТКІНІҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТАР ҮШІН ӨМІР БОЙЫ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ЖАЗАСЫН ЕНГІЗУГЕ ЕСКЕРТУЛЕР

3.1. Заң техникасы

Заң жобасына сәйкес, ҚР ҚК-ң 48-б. өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Мысалы, жиырма жылға дейін немесе өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасы мынадай қылмыстар үшін тағайындалуы мүмкін:

- 1) айналымнан алынған және айналымы шектелген заттардың контрабандасы (ҚР ҚК 250-б. 4-т.);

¹⁵ Есірткі қылмыстары бойынша қылмыстық санкциялардың осы мінездемелері Еуропа Одағы Кеңесінің 2004/757/JHA Шектеуіш шешімінде бекітілген.

- 2) есірткі заттарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды өткізу, дайындау, ұқсату, жөнелту мақсатында заңсыз иемденіп алу, тасымалдау немесе сақтау не өткізу (ҚР ҚК 259-б. 4-т.);
- 3) есірткі заттарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды ұрлау немесе қорқытып алу (ҚР ҚК 260-б. 4-т.);
- 4) есірткі заттарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды пайдалануға тарту, егер ол жәбірленушінің абайсыздықта өлімге немесе басқа да ауыр салдарға әкеліп соқса (ҚК 261-б. 4-т.)¹⁶.

Заң техникасы жағынан есірткінің заңсыз айналымына байланысты кей бір қылмыстарды¹⁷ 48-б. 3-т. мәтінінде бөліп көрсетілуі негізсіз болып көрінеді, өйткені, ҚР ҚК-ң Жалпы бөліміне және жаза түрлеріне қатысты баптарда жеке қылмыстар (немесе оларды жасағаны үшін жауапкершілікті көздейтін баптар) мүлдем атап көрсетілмейді. Ол ҚР ҚК Жалпы бөлімін құрастыру логикасын бұзады.

3.2. Ұлттық қауіпсіздік өмір бойы бас бостандығынан айыруды енгізу керектігінің негізі ретінде

Заң жобасына Салыстырма кестесіндегі негіздемеде «нашақорлық пен есірткі бизнесі *ұлттық қауіпсіздікке нақты қауіп төндіретінін* ескерсек, кей бір есірткіге қатысты қылмыстарды аса ауыр қылмыстарға жатқызып, жиырма бес жылға дейін немесе өмір бойы бас бостандығынан айыру түрінде жауапкершілік белгілеу керектігі пайда болды»¹⁸ деп атап көрсетіледі.

Ұлттық қауіпсіздікке қауіп төнгенге ұқсас сілтемелер жоғарыда айтылған ҚК-ң барлық баптарына өзгерістер мен толықтыруларды негіздеуде келтірілген. Бірақ, осы тұжырымдар халықаралық стандарттарға және Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкес келмейді. 2005 ж. Қазақстан Республикасы Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактіні (АСҚХП) ратифициялады. АСҚХП-ң 12, 18, 19, 21 және 22-бб. адам құқықтары мен бостандықтарын шектеуге жол берудің шарттары бекітілген. Оларға сәйкес, заңмен бекітілген және демократиялық қоғамда *мемлекеттік (ұлттық) қауіпсіздік* мүдделер мен қоғамдық тыныштықты сақтау, тәртіпсіздік пен қылмыстардың алдын алу, сондай-ақ, денсаулық пен рухани тазалықты немесе басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарды қорғау үшін керекті болған жағдайдан басқа, белгілі құқықтарды жүзеге асыру еш шектелмеуі тиіс.

Осы талаптарды дұрыс түсіндіру үшін 1984 ж. Шектеуге және шегінуге байланысты Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің ережелеріне қатысты Сиракуз ұстамдары дайындалып, қабылданған болатын¹⁹.

Осы құжаттың 29-ұстамы былай деп бекітеді: «*ұлттық қауіпсіздік тәуелсіздікті, аумақ тұтастығын немесе саяси тәуелсіздікті күшпен қорқытудан немесе оны қолданудан қорғау үшін енгізілген жағдайда ғана белгілі құқықтарды шектеудің негізі бола алады*». 30-

¹⁶ Парламент Мәжілісіне жіберілген (2007 ж. 17 мамырдағы №23/6517 ҚР Үкімет хаты) «Есірткінің заңсыз айналымы саласында жауапкершілікті күшейту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі мен Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасына Салыстырма кестесін қараңыз.

¹⁷ Сонда қараңыз.

¹⁸ Сонда қараңыз.

¹⁹ 1-қосымшаны қараңыз. Шектеуге және шегінуге байланысты Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің ережелеріне қатысты Сиракуз ұстамдары. E/CN.4/1985/4 (1985) БҰҰ құжаты. 1984 ж. мамырда Заңгерлер Халықаралық Комиссиясы, Қылмыстық құқық Халықаралық Ассоциациясы, Заңгерлер Халықаралық Ассоциацияның Америка Ассоциациясы, Урбан Морган Адам құқықтары жөніндегі институты және Сиракуз қ. (Италия) Қылмыстық құқық саласындағы зерттеулердің Халықаралық институты жинаған біртоп құқық жөніндегі халықаралық сарапшылармен дайындалған.

ұстамға сәйкес, «заң мен тәртіпке жергілікті ғана немесе жекелеген қауіп төнген жағдайда» ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне сілтеме жасауға болмайды.

Есірткі қылмыскерлігі елеулі мәселе болып, оған қарсы тұруға тиісті күш салу керектігі анық. Бірақ, ол тәуелсіздік, аумақ тұтастығы немесе саяси тәуелсіздікке қатысты күшпен қорқыту әлде оны қолдану болып табылмайды. Сондықтан, есірткінің заңсыз айналымы саласында жауапкершілікті күшейтудің негізі ретінде ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіруге кез келген сілтемелер халықаралық құқық жағынан бұрыс болып табылады.

3.3. Өмір бойы бас бостандығынан айыруды жазаның жеке түрі ретінде қолдану негіздерін кеңейту

Қылмыстық кодекс қабылданғаннан кейінгі 10 жыл бойы өлім жазасын (және оның баламасы ретінде өмір бойы бас бостандығынан айыруды) **адам өміріне қол сұғатын аса ауыр қылмыстар үшін** жаза ретінде ғана қолданумен шектеліп келді.

Қазіргі уақытта өмір бойы бас бостандығынан айыру Қазақстан Республикасында *адам өміріне қол сұғатын аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін өлім жазасына балама ретінде ғана* қолданылады және сот өлім жазасын қолданбау керек деп шешкен жағдайда тағайындалуы мүмкін (ҚР ҚК 48-б. 4-т.).

Заң жобасында ҚР ҚК-ң 48-б. өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы Қазақстан Республикасында өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын қолдануды кеңейту ұсынылады. Онда бұл санкция аса ауыр қылмыстар қатарына жатқызылатын бірқатар ауыр қылмыстар үшін жеке жаза ретінде белгіленеді.

Есірткінің заңсыз айналымына қатысты, яғни, адам өміріне тікелей қол сұқпайтын қылмыстарға өмір бойы бас бостандығынан айыруды тарату ҚР қылмыстық заң құжаттары даму логикасы жағынан негізсіз деп ойлаймыз. Осыған байланысты, өмір бойы бас бостандығынан айыруды барлық аса ауыр қылмыстарға орнататын ҚР ҚК-ң 48-б. 4-т. ұсынылған²⁰ өзгеріс те наразылық тудырады. Шын мәнінде, ол қылмыстық саясатты гуманизациялау анық болып келе жатқан тенденцияларына, ең қатаң жазалау шараларын қолданудың сабырлы жолына, біртіндеп өлім жазасын толық жоюға қарсы тұрады.

2007 ж. мамырда²¹ қабылданған ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, «...өлім жазасы заң бойынша жазалаудың шеткі шарасы ретінде адам өліміне әкеліп соққан лаңкестік қылмыстар, сонымен қатар, соғыс кезінде жасалған аса ауыр қылмыстар үшін тағайындалады ...».

ҚР Конституциясына осы өзгерістер мен толықтыруларға байланысты, қазіргі уақытта ҚР-да өлім жазасын жою мәселесін зерттеу жөніндегі Ведомствоаралық комиссияда «Өлім жазасы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кей бір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы талқылануда.

Осы Заң жобасына сәйкес, бірқатар өзгертулер мен толықтырулар енгізу көзделген, оның ішінде ҚР ҚК Жалпы бөлімінің 48, 49-бб. және Арнайы бөлімнің бірқатар баптарына. Онда өмір бойы бас бостандығынан айыруды өлім жазасына балама ретінде емес, жеке жазалау

²⁰ Парламент Мәжілісіне жіберілген (2007 ж. 17 мамырдағы №23/6517 ҚР Үкімет хаты) «Есірткінің заңсыз айналымы саласында жауапкершілікті күшейту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі мен Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасына және осы жобаға ҚР Парламент Мәжілісінің Заң құжаттары және соттық құқықтық реформа жөніндегі Комитетінің Тұжырымдамасына Салыстырма кестені (1 оқу) қараңыз.

²¹ Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы» 2007 ж. 21 мамырдағы № 254-III Заңын қараңыз.

түрі ретінде адам өміріне қол сұғуға байланысты аса ауыр қылмыстар үшін ғана енгізуі жоспарлануда.

Осыған байланысты есірткінің заңсыз айналымы үшін жауапкершілікті күшейту туралы Заң жобасы 2008 ж. басында Мәжіліс қарауына берілуі тиіс өлім жазасы мәселелері бойынша Заң жобасына сәйкес келмейтінін атап айту керек.

Сондықтан, есірткінің заңсыз айналымы үшін жауапкершілікті күшейту туралы Заң жобасының қаралуын өлім жазасы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кей бір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы Заң жобасын қарап, қабылдағанға дейін кейінге қалтыру керек деп ойлаймыз. Өйткені, дәл соңғы заңда өлім жазасының қолдануын қысқартқанда немесе толық жойғанда, оның баламасы ретінде өмір бойы бас бостандығынан айыруды жаза түрі ретінде қолдану шектері белгіленеді.

3.4. Өмір бойы бас бостандығынан айыру түрлері

Заң жобасына ҚР Парламент Мәжілісі Аппаратының ақпараттық сараптама бөлімі дайындаған «Есірткіге қатысты қылмыстарды жасағаны үшін өмір бойы бас бостандығынан айыруды тағайындаудың халықаралық тәжірибесі» ақпараттық мәлімет материалдар²² қоса берілген. Онда есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікке қатысты бірқатар елдердің тәжірибесі туралы ақпарат келтірілген.

Өкінішке орай, бұл материалдарда өмір бойы бас бостандығынан айыруды қолдану туралы нақсыздықтар бар. Оған қоса, олар әртүрлі елдердің тәжірибесі өмір бойы бас бостандығынан айыруды қолдану мәселесінде бір-бірінен қаншалықты ерекшеленетінін көрсетпейді.

Мысалы, онда Бельгия мен Люксембург есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстар үшін өмір бойы бас бостандығынан айыруды қолдануы мүмкін елдерге жатады делінген. Бұл ақпарат шындыққа ұласпайды. Есірткінің және нашақорлық саласындағы мониторингі жөніндегі Еуропа орталығының 2007 ж. ақпараты осы мәліметтерді растамайды²³.

ҚР Парламент Мәжілісі Аппаратының материалдарында Ирландия мен Греция есірткі қылмыстары үшін өмір бойы бас бостандығынан айыру қолданылатын елдерге жатқызылған. Бірақ, өмір бойы бас бостандығынан айырудың қандай түрі қолданылатыны айтылмаған. Негізінде, Ирландияда өмір бойы бас бостандығынан айыру сотталғанның табиғи өліміне дейін созылуы мүмкін. Бірақ, өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасы барлық жағдайда бас бостандығынан айыру орындарында өтелуі міндетті емес. Өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасы өтелуін уақытша тоқтату немесе шартты түрде мерзімнен бұрын босатуды қолдануы кең таралған. Арнайы комиссия шартты түрде мерзімнен бұрын босату туралы шешімді өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғаның жеті жылғы мерзімді өтегеннен кейін қабылдануы мүмкін. Статистика бойынша, орташа алғанда, өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген тұлға шартты түрде мерзімнен бұрын босатуды қолданардың алдында іс жүзінде 12 жылын өтейді. Әдеттегідей, елеулі есірткі қылмыстары үшін сотталғандар шартты түрде мерзімнен бұрын босатылуға құқылы болу үшін 10 жыл өтеулері тиіс.

²² Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісі Аппаратының ақпараттық сараптама бөлімі дайындаған «Есірткіге қатысты қылмыстарды жасағаны үшін өмір бойы бас бостандығынан айыруды тағайындаудың халықаралық тәжірибесі» ақпараттық мәлімет материалдарын қараңыз.

²³ 2-қосымшаны қараңыз. Есірткі қылмыстарымен күресу жөніндегі бірқатар Еуропа елдері заң құжаттарының сараптамасы (2007). Есірткі және нашақорлық саласындағы мониторингі жөніндегі Еуропа орталығының ақпараты. Жаңартылған мәліметтер. <http://profiles.emcdda.europa.eu/>

Грецияда өмір бойы бас бостандығынан айыру тұрақты болып табылады және еш жағдайда 25 жылдан аспауы тиіс. Өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған тұлға 16 жылдан кейін шартты түрде мерзімнен бұрын босатылуы мүмкін. Егер тұлға бірден асатын өмір бойғы мерзімге сотталса, онда ол шартты түрде мерзімнен бұрын босатуды сұрау құқығына ие болу үшін кем дегенде, 20 жыл өтеуі тиіс.

Есірткінің заңсыз айналымына байланысты жекелеген қылмыстар үшін өмір бойы бас бостандығынан айыру Франция, Эстония және Кипрде қарастырылған. Бірақ, бұл елдерде де мерзімсіз өмір бойы бас бостандығынан айыру жоқ. Осы жаза түріне сотталғандар белгілі мерзімді өтегеннен кейін шартты түрде мерзімнен бұрын босатылуы мүмкін.

Жалпы, Еуропаның 15 елінің заң құжаттары сараптамасынан олардың 10-да есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстар үшін өмір бойы бас бостандығынан айыру жаза түрі жоқ, ал, қалғандарында осындай жаза түрі бар болғанымен, не тұрақты болып табылып, не белгілі мерзімнен кейін (кей кезде 5-7 жылдан жоғары) шартты түрде мерзімнен бұрын босатуды көздейді.

Заң жобасына берілген ақпарат материалдарында өмір бойы бас бостандығынан айыру барлық жағдайда сотталғанды табиғи өліміне дейін қамауды аңғартпайтыны ескерілмеген.

Әлемде өмір бойы бас бостандығынан айырудың кем дегенде, екі түрі бар: тұрақты және тұрақсыз. Тұрақты өмір бойы бас бостандығынан айыру көптеген Еуропа елдерінде қолданылады. Тұрақсыз өмір бойы бас бостандығынан айыру мысалы, АҚШ, Ұлыбритания, Канадада бар. Бірақ, ол өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандар тиісті орындарда өмірінің ақырына дейін ұсталатындарын аңғартпайды. Мысалы, Ұлыбритания мен АҚШ-та соттар жиі жағдайда өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғанға белгілі мерзім тағайындайды. Осы мерзім өткеннен кейін сотталған, әдеттегідей, бақылау астында не онсыз шартты түрде мерзімнен бұрын босату туралы өтінуге құқылы.

Көптеген елдердің өмір бойы бас бостандығынан айыруды қолдану тәжірибесі сотталғандардың жеке мән-жайларын ескеруге және барлық қауіптерді ескеріп, жазаны өтеудің ең тиімді түрін таңдауға мүмкіндік береді. Осының арқасында қоғам мүддесі мен түрме жүйесінің мүмкіндіктері арасында тепе-теңдік орнатылады. Қалай дегенде де, әлемде тұрақты өмір бойы бас бостандығынан айыру мерзімін пайдалану тенденциясы анық байқалады.

Қазақстан Республикасының заң құжаттарында өлім жазасына балама ретінде қолданылатын мерзімсіз өмір бойы бас бостандығынан айыру бекітілген. Осы шараға сотталғандар іс жүзінде 25 жыл өтегеннен кейін ғана шартты түрде мерзімнен бұрын босату туралы өтіне алады (ҚР ҚК 70-б. 5-т.). Осыған байланысты, егер өмір бойы бас бостандығынан айыру негіздері аса ауыр қылмыстар арқылы кеңейтілген болса, онда осы қылмыс категориясына өмір бойы бас бостандығынан айырудың қандай түрі таңдалмақ екенін талқылау керек.

Осыған байланысты, қазіргі уақытта ұзақ мерзімге, оның ішінде өмір бойы бас бостандығынан айырылған түрме халқының саны өсуде екенін ескеру керек. Сондықтан, қылмыстық атқару жүйесін алдын ала реформалау керек. Ол болжамды заң құжаттарының өзгеруі түрме халқының құрамына қатты әсер ететініне дайын болуы тиіс.

4. ЕСІРТКІНІҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ КҮШЕЙТУДІ КӨЗДЕЙТІН ЗАҢ ЖОБАСЫНЫҢ БӨЛІМІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР

4.1. Есірткіні ойын-сауық мекемелерінде таратқаны үшін әкімшілік жауапкершілікті күшейту

Заң жобасы «Есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорларды сату және тұтынудың жолын кесуге шара қолданбау»²⁴ атты 319-1-бап бойынша әкімшілік жауапкершілікті күшейтуді көздейді.

Әрине, есірткіні ойын-сауық мекемелерде таратудың ең нәтижелі әдісі әкімшілік жауапкершілікті күшейту болып табылатынымен келісуге болады. Құқық бұзушылықтар субъектілерін жіктеу ұсынылған жобасы да ақылға сияды (1 және 2-кестені қараңыз).

Сонымен қатар, 319-1-б. санкциясында мекеменің ойын-сауық қызметі қандай мерзімге тоқтатылуы мүмкін екені анық көрсетілуі тиіс. Осындай мекеменің ұсынылатын анықтамасы жалпы шет елдегі ұқсас анықтамаларға сәкес келеді (1-кестені қараңыз).

1-кесте. 319-1-б. 1-т. (санкция) ұсынылатын өзгерістер²⁵

Құқық бұзушылық субъектісі	Қолданыстағы санкция	Ұсынылатын санкция	
Лауазымды тұлғалар және (немесе) меншік иелері	қызметті тоқтатумен немесе онсыз 50-ден 200 АЕК дейін	қызметті тоқтатумен 50-ден 150 АЕК дейін	
Заңды тұлғалар	қызметті тоқтатумен немесе онсыз 500-ден 1000 АЕК дейін		
		Кіші және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғалар	Қызметті тоқтатумен 200-ден 300 АЕК дейін
		Ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғалар	Қызметті тоқтатумен 700-ден 1000 АЕК дейін

2-кесте. 319-1-б. 2-т. (санкция) ұсынылатын өзгерістер²⁶

Құқық бұзушылық субъектісі	Қолданыстағы санкция	Ұсынылатын санкция	
Лауазымды тұлғалар және (немесе) меншік иелері	Жеке кәсіпкер қызметіне тыйым салумен немесе онсыз 200-ден 400 АЕК дейін	Жеке кәсіпкер қызметіне тыйым салумен 200-ден 300 АЕК дейін	
Заңды тұлғалар	Заңды тұлға қызметіне тыйым салумен немесе онсыз 1000-ден		

²⁴ 2001 ж. 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексін қараңыз.

²⁵ 319-1-б. 1-т. аталуы мен диспозициясы да өзгереді, өйткені, қолданыстағы баптың мәні бойынша, әкімшілік жауапкершілік пайда болу үшін екі жағдай керек – есірткі заттарын сату және тұтыну. Жаңа редакцияға сәйкес, әкімшілік жауапкершілік пайда болу үшін кем дегенде, бір жағдай болса болғаны. Ұсынылатын редакциясы: «Ойын-сауық мекеменің лауазымды тұлғасы және (немесе) меншік иесінің есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорларды сату және (немесе) дәрігерлік емес пайдаланудың жолын кесуге шара қолданбау» (319-1-б. 1-т. - диспозиция)».

²⁶ 319-1-б. 2-т. ұсынылатын диспозициясы: «Осы баптың бірінші тармағында көзделіп, әкімшілік жаза салынғаннан кейін быр жылдың ішінде қайта істелінген әрекеттер (әрекетсіздік)».

	2000 АЕК дейін		
		Кіші және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғалар	Заңды тұлға қызметін тоқтатумен немесе онсыз 350-ден 400 АЕК дейін
		Ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғалар	Заңды тұлға қызметін тоқтатумен 1000-ден 2000 АЕК дейін

4.2. Әкімшілік қамауға алу. Әкімшілік санкциялардың жіктелуі

Заң жобасы қылмыстық ретке сәйкес жазаланатын әрекет белгілері жоқ есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорларды заңсыз дайындау, өңдеу, сатып алу немесе есірткі құралдарын сату мақсатынсыз жіберу үшін әкімшілік жауапкершіліктің күшейтуін көздейді. Қолданыстағы заң құжаттарына сәйкес, осындай заңсыз әрекеттер үшін айыппұл салынады. Ұсынылатын өзгерістерге сәйкес, 320-б. 1-т. субъектіге байланысты айыппұлдың ең төменгі деңгейі, сонымен қатар, айыппұлға балама ретінде әкімшілік қамауға алуды қолдану мүмкіндігі енгізіледі. Қамауға алу жеке және лауазымды тұлғаларға қолданылуы мүмкін (3-кестені қараңыз).

3-кесте. 320-б. 1-т. ұсынылатын өзгертулер (санкция)

Құқық бұзушылық субъектісі	Қолданыстағы санкция	Ұсынылатын санкция	Балама санкциясы
Жеке тұлғалар	10 АЕК дейін	5-тен 10 АЕК дейін	10 тәулікке дейін әкімшілік қамау
Заңды тұлғалар	30 АЕК дейін	15-тен 20 АЕК дейін	15 тәулікке дейін әкімшілік қамау
Жеке кәсіпкерлер	30 АЕК дейін	25-тен 30 АЕК дейін	әкімшілік қамау көзделмеген
Кіші және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғалар	30 АЕК дейін	25-тен 30 АЕК дейін	-
Ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғалар	50 АЕК дейін	40-тен 50 АЕК дейін	-

Осы ұсыныстар «ӘҚК-ті қолдану тәжірибесі көрсеткендей, 320-б. бекітілген айыппұлдардың іс жүзінде жиналуы өте төмен, өйткені, айыппұл салынған тұлғалар өз еркімен оларды төлемейді, ал, айыппұлдарды сот атқарушылары арқылы төлету құқық бұзушылық субъектілердің жеке мінез ерекшеліктеріне байланысты қиынға түседі. Әдеттегідей, ондай тұлғалардың төлеу қабілеті жоқ»²⁷ деп негізделеді. Сонымен бірге, негіздемеде қолданыстағы заң жыл ішінде құқық бұзушылықты қайта жасаған жағдайда жауапкершілік көзделмейді. Ол есірткі бизнесін алдын алу және онымен күресуге қолдау көрсетпейді, ал, бұзушылар әр ұсталғанда елеусіз айыппұлмен құтылады. Бірақ, осыған

²⁷ Парламент Мәжілісіне жіберілген (2007 ж. 17 мамырдағы №23/6517 ҚР Үкімет хаты) «Есірткінің заңсыз айналымы саласында жауапкершілікті күшейту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі мен Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасына және осы жобаға ҚР Парламент Мәжілісінің Заң құжаттары және соттық құқықтық реформа жөніндегі Комитетінің Тұжырымдамасына Салыстырма кестені (1 оқу) қараңыз.

қарамастан, заң жобасына қайталанатын қылмыстардың алдын алуға бағытталған өзгерістер енгізілмейді²⁸.

Заң жобасы құқық бұзушыларға әсер ету нәтижелігін жоғарлату мақсатымен әрі қарай жетілдіруді талап етеді²⁹. Ең алдымен, ол әкімшілік санкциялардың жіктелуі мен олардың репрессиялық жағына қатысты.

Бұл процесс біздің ойымызша, біріншіден, ҚР Қылмыстық кодексінің қайсыбір қылмысыздандыруға байланысты, әкімшілік заң құжаттарының кеңдеу реформасының бөлігі болуы тиіс.

Екіншіден, көптеген әлем мемлекеттерінің тәжірибесі айыппұлға балама ретінде бірқатар әкімшілік шараларды көздейтінін атап көрсету керек. Мысалы, Испания, Ұлыбритания, Германияда осындай құқыққа қарсы әрекеттер үшін айыппұлдан басқа, ескерту, емделу курсына жіберу, қоғамдық жұмыс, сондай-ақ реабилитациялық мекемеде немесе әлеуметтік қызметте кеңес алуы көзделген. Және де, осындай шаралар кей кезде әкімшілік жазалаудың баламасы ретінде қолданылады. Тәжірибе көрсеткендей, осындай жауап беру түрлері айыппұл не бас бостандығынан айыруға қарағанда, нәтижелі болып табылады. Олар қаржы шығындары және құқық қорғау органдарын шын мәнінде елеулі қылмыстармен күресуге күш салу жағынан да үнемді. Осы әкімшілік құқық бұзушылықтарды қайтадан немесе көп рет жасаған жағдайда ғана құқық бұзушыға қарсы айыппұл, әкімшілік қамауға алу немесе бас бостандығынан айыру шарасы қолданылуы мүмкін.

320-б. 1-т. енгізілетін өзгерістер сыбайлас жемқорлық жағынан күдікті болып табылады, өйткені, айыппұл мен әкімшілік арасындағы үлкен айырмашылыққа жол береді.

Есірткі заттарының заңсыз айналымы саласындағы құқық бұзушылықтар үшін оларды жасаған тұлғаларға айыппұл төлеткізу мүмкін еместігінен әкімшілік құқық қамауға алуын енгізу гуманизациялау саясаты жағынан негізсіз болып табылады. Оған сәйкес, әр бас бостандығынан айыру шектен тыс шара болуы тиіс.

Кері жағдайда осындай логикаға сәйкес, кез келген тұлғалар, мысалы, қылмыстық жазаланатын әрекет жасап, төлеуқабілеті жоқ болса, тек бас бостандығынан айырылуы тиіс. Бірақ, бұл қате көзқарас, өйткені, түрме халқының өсуіне және оның бас бостандығынан айыру орындарында әрі қылмыстануына апарып соғады.

ҚР ӘҚК-ң 319 және 320-баптарына өзгертулермен енгізілетін бұзушылық субъектіге қарай әкімшілік санкцияларын қосымша жіктеу жағымды өзгеріс болып табылады. Осындай өзгертулер халықаралық талаптарға сәйкес келеді.

НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАР МЕН РЕКОМЕНДАЦИЯЛАР

Қазақстан Республикасының «Есірткінің заңсыз айналымы саласындағы жауапкершілікті күшейту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі мен Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң

²⁸ Әкімшілік қамауға алу мүмкіндігінің өзі қылмыстардың қайта жасалуын алдын алуға ықпал етеді дегені сенгісіз.

²⁹ Тиісті ұйымдастыру шараларын да қолдану керектігі анық. Қазақстан республикасында әлі күнге дейін «жазаның міндетті түрде болатынын қамтамасыз ететін айыппұлдарды есептеу және төлету бірыңғай жүйесі» құрылған жоқ, сонымен қатар, «әкімшілік әсер ету шараларын қолдану кезінде заңдылықтың сақталғанын ведомство тарапынан бақылауды күшейту» жөніндегі дұрыс жұмыс жүргізілмейді. Не десек те, осындай шаралар мен болған нәтижелер туралы Заң жобасына қосылған еш бір құжатта айтылмайды. Қазақстан Республикасының құқықтық саясат Концепциясын қараңыз (2002 ж.).

жобасы мынадай тұжырымдарды және рекомендацияларды ескеріп, елеулі дайындықты талап етеді:

1. Есірткінің заңсыз айналымы үшін жауапкершілікті күшейту туралы Заң жобасы 2008 ж. басында Мәжіліс қарауына жіберілетін Өлім жазасы мәселелері туралы Заң жобасымен сәйкестендірілген жоқ. Оған сәйкес, өмір бойы бас бостандығынан айыруды өлім жазасына балама емесе, жеке жаза түрі ретінде және **адам өміріне қол сұққанға байланысты аса ауыр қылмыстар үшін** ғана енгізілуі ұсынылады. Осыған байланысты, есірткінің заңсыз айналымы үшін жауапкершілікті күшейту туралы Заң жобасымен жұмыс істеуді Өлім жазасы мәселелері туралы Заң қабылданғанға дейін кейін қалтыру керек.
2. Заң шығарушы осы саладағы қылмыстық заң құжаттары қандай бағытта дамидынын, яғни, қатаңдату керек болса, оның жіктелуімен қаншалықты теңдестірілуі тиіс екенін анықтап, белгілеуі керек. Бұл жұмыстың маңызды бөлігі ұсынылатын өзгерістер ҚР ҚК-ң басқа құрамдағы санкцияларға «сәйкестілікке» тексеру болып табылады.
3. Анықтама хатында Заң жобасын қабылдау керектігін негіздеуі ұсынылатын шаралар қаншалықты әсерлі, сәйкестендірілген және көз жетерлік болатынын анық көрсетпейді. Онда есірткінің заңсыз айналымы саласындағы ұйымдасқан қылмыскерлікпен күресу жағдайы және ұсынылатын шаралардың күтілетін әсері туралы тұжырым жасайтындай, керекті статистика келтірілмейді.
4. Есірткі қылмыскерлігімен күресудің нәтижелігі жан-жақты қамтығанда ғана қамтамасыз етіледі. Санкцияларды қатаңдатпас бұрын Қазақстан Республикасының құқықтық саясат Концепциясында бекітілген «қылмыстық репрессияны үнемдеу» ұстамына сәйкес, есірткі қылмыскерлігімен күресу үшін басқа да мүмкіндіктерді қарастыру керек.
5. Заң жобасы есірткінің заңсыз айналымына қатысты қылмыстар үшін жауапкершілікті күшейтумен ғана шектелмей, барлық тенденциялар мен халықаралық тәжірибені бірдей ескеру тиіс. Дүние жүзінде өмір бойы бас бостандығынан айырудың әртүрлі тәжірибесі бар екенін назарға алу керек. Осындай нақты жаза түрі негізделуі тиіс.
6. Заң жобасымен жұмыс істегенде, есірткінің заңсыз айналымымен күресу саласындағы халықаралық стандарттарды ескеруге кеңес беріледі, оның ішінде Еуропа Одағы Кеңесінің 2004 ж. 25 қазандағы №2004/757/ЖНА Шектеуіш шешімін.
7. Наша қылмыстары үшін өмір бойы айыру түріндегі жазаны енгізу асыра шара болып табылады. Оны ұлттық заң құжаттарына енгізудің алдында кең және кәсіби дәрежеде талқылауы тиіс. Сонымен қатар, заң шығарушы өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын енгізсе, онда нәтижесіз болған жағдайда оны қайта жою қиынға түседі, өйткені, қоғам пікірі наша қылмыскерлігімен күресуді әлсіздендіруге әрдайым қарсы болады.
8. Есірткі қылмыскерлігі елеулі мәселе болып табылады және оған қарсы тұру үшін тиісті күш салу керек. Бірақ, есірткінің заңсыз айналымы саласында жауапкершілікті күшейту негізі ретінде ұлттық қауіпсіздікке қайсыбір сілтеме жасау халықаралық құқыққа қайшы келеді (Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакт, Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактінің шектеулер мен шегуге байланысты ережелеріне қатысты Сиракуз ұстамдары. E/CN.4/1985/4 (1985) БҰҰ құжаты).
9. Қазіргі уақытта Парламентте заңсыз жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (тазартуға) қарсы тұру және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы бірқатар заң жобалары қаралуда. Осыған байланысты, осы заң жобалардың бірқатар ережелерін есірткінің заңсыз айналымы саласында жауапкершілікті күшейту мәселелері туралы Заң жобасымен сәйкес келтіру керек.
10. ҚР Заң жобасындағы тәркілеу ұғымы заңсыз жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (тазартуға) қарсы тұру саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес нақтылануы тиіс.

11. Заң техникасы жағынан есірткінің заңсыз айналымына қатысты кейбір қылмыстарды ҚК-ң 48-б. 3-т. мәтінінде бөліп көрсету негізсіз деп санаймыз, өйткені, ҚР ҚК-ң Жалпы бөліміне қарасты және жаза түрлеріне қатысты баптарда қылмыс жасағаны үшін жауапкерлігі көзделген жекелеген қылмыстар не баптар мүлдем аталмайды.
12. ҚР ӨҚК-ң 319-1-б. санкциясында ойын-сауық ұйымның қызметі қандай мерзімге тоқтатылуы мүмкін екені нақты айтылуы тиіс.
13. Есірткі заттарының заңсыз айналымы саласындағы құқық бұзушылықтар үшін оларды жасаған тұлғаларға айыппұл төлеткізу мүмкін еместігінен әкімшілік қамауға алу түрінде әкімшілік жауапкершілік енгізу (ҚР ӨҚК 320-б. 1-т.) гуманизациялау саясаты жағынан негізсіз болып табылады. Оған сәйкес, кез келген бас бостандығынан айыруы шектен тыс шара болуы тиіс.

320-б. 1-т. енгізілетін өзгерістер сыбайлас жемқорлық жағынан күдікті болып табылады, өйткені, айыппұл мен әкімшілік арасындағы үлкен айырмашылыққа жол береді. Осы саладағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жазалаудың халықаралық тәжірибесін ескеріп (емделуге жіберу, қоғамдық жұмыс т.б.), анық та жіктеулі жаза жүйесін құру керек.

2008, қаңтар